

Шарбақты ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 445/19 "Шарбақты ауданы бойынша 2015 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 11 қарашадағы № 332/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 02 желтоқсанда № 4821 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5) тармақшасына және 20-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын іске асыру жөніндегі шаралары туралы" № 836 қаулысына сәйкес жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтуға көмек көрсету мақсатында, Шарбақты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы "Шарбақты ауданы бойынша 2015 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2014 жылғы 26 желтоқсанда № 4236 тіркелген, 2015 жылғы 8 қаңтарда "Маралды" және "Трибуна" аудандық газеттерінде жарияланған) № 445/19 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) жоғарыда көрсетілген қаулының 1 қосымшасындағы реттік номерлері 16, 17, 18, 19 – жолдар алып тасталсын;

2) жоғарыда көрсетілген қаулының 2 қосымшасында:

реттік номері 7 жолдағы "2" сандары "4" сандарына ауыстырылсын;

реттік номері 8 жолдағы "8" сандары "9" сандарына ауыстырылсын;

реттік номері 9 жолдағы "4" сандары "8" сандарына ауыстырылсын;

реттік номері 12 жолдағы "2" сандары "4" сандарына ауыстырылсын;

реттік номерлері 16, 17, 18, 19 – жолдар алып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік етуші орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК